

Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешимұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәлиқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джамбылбаулы

Ответственный секретарь:
Раушан Жәлікызы

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_32_4_44-56

ҒТАХР 03.20.00

МӨДЕ ШАНЬЮЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҮРГІЗГЕН РЕФОРМАЛАРЫ

Б.А. Жүрсінбаев^{1*}, **Б.Т. Жұбанышов²**, **Е.Қ. Серікбаев¹**

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, Тараз;

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы.

Автор-корреспондент

E-mail: bakytzhan_72@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның ежелгі тарихында өзіндік орны бар, түрік тайпалары мен руларын біріктіру арқылы Ғұн империясының негізін қалауда өлшеусіз үлес қосқан тарихи тұлға Мөде шаньюйдің қоғамдық-саяси қызметтеріне жан-жақты талдаулар беріледі. Әсіресе Мөденің ғұн мемлекетінің саяси құрылысын түпкілікті өзгерткен баянды реформаларына басты назар аударылады. Алайда ол бұл өзгерістерді өте қиын жағдайда жүзеге асырғанын назарға алғанымыз жөн. Өйткені сол кезеңде ғұндарды бір орталыққа біріккен Қытайдан бөлек дунху, юэчжи, жун, лоуфан, байян сияқты әскери күш-қуаттары күшті көрші елдер қоршап жатты. Бұл елдердің кез-келгені ғұндардың саяси тәуелсіздігіне қауіп төндіруге толық шамалары келетін. Сондықтан ғұндардың еңсесін көтере білген Мөде шаньюй таққа отырысымен көрші орналасқан тайпаларды кезекпен бағындырып, ең қауіпті жауы Қытайға соғыс ашып, бірнеше шайқастарда жеңіп, оларды алым-салық төлеуге мәжбүр етеді. Аталған мәселелер мақалада жаңа қырынан ашылады.

Түйін сөздер: Мөде, шаньюй, ғұндар, дунхулар, тайпалар, Қытай, Хуанкэ, юэчжилер, Ордос, Хан, жауынгерлер.

МОДЭ ШАНЬЮЙ И ЕГО РЕФОРМЫ

Б.Ж. Джурсунбаев^{1*}, **Б.Т. Жубанышов²**, **Е.К. Серікбаев¹**

¹Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан, Тараз;

²Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, Алматы.

Корреспондирующий автор

E-mail: bakytzhan_72@mail.ru

Аннотация. В статье проводится всесторонний анализ общественно-политической деятельности исторического деятеля Модэ Шаньюя, занимающего особое место в древней истории Казахстана, оказавший влияние основанию Гуннской империи путем объединения разрозненных тюркских племен и родов. Особое внимание уделяется реформам Модэ, коренным образом изменившим политическое устройство Гуннского государства. Однако следует отметить, что эти изменения он производил в очень сложной ситуации. В то время, гуннов окружали, кроме централизованного Китая, такие развитые военные соседние страны, как Дунху, Юэчжи, Цзюнь, Луфань, Байян. Любая из этих стран имела возможность угрожать политической независимости гуннов. Поэтому Модэ Шаньюй после возведения на трон, стал покорять один за другим соседние племена, воевал с самым опасным противником - Китаем, разгромил его в нескольких сражениях и заставил платить налоги. Все эти вопросы в статье раскрываются по-новому.

Ключевые слова: Модэ, шаньюй, гунны, дунху, племена, Китай, Хуанкэ, юэчжи, Ордос, Хан, воины.

MODE SHANYU AND HIS REFORMS

B. Dzhursunbayev^{1*}, B. Zhubanyshov², E.K. Serikbaev¹

¹M.Kh. Dulati Taraz Regional University, Kazakhstan, Taraz;

²Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty.

Corresponding-author

E-mail: bakytzhan_72@mail.ru

Abstract. The article provides a comprehensive analysis of the socio-political activities of the historical figure Mode Shanuy, who occupies a special place in the ancient history of Kazakhstan, who influenced the founding of the Hun Empire by uniting disparate Turkic tribes and clans. Particular attention is paid to the reforms of Mode, which radically changed the political structure of the Hunnic state. However, it should be noted that he made these changes in a very difficult situation. At that time, in addition to centralized China, the Huns were surrounded by such developed military neighboring countries as Donghu, Yuezhi, Jun, Lufan, Bayan. Therefore, Mode Shanyu, after being enthroned, began to conquer neighboring tribes one by one, fought with the most dangerous enemy China, defeated him in several battles and forced him to pay taxes.

Key words: Mode, shanyu, Huns, donghu, tribes, China, Huangke, Yuezhi, Ordos, Khan, warriors.

Кіріспе. Тарихымызда терең із қалдырған тұлғалардың қызметтері отандық тарихнамада күрделі мәселелердің қатарына жататыны белгілі. Өйткені өзін тәуелсіз санайтын кез-келген ел, ең алдымен, өзінің өткен тарихын, ата-тегін және өздерінің этникалық тарихи бастауларын анықтауы да жеке тұлғаларды зерттеумен байланысты өрбитіні анық. Өз кезегінде бұл ұстаным қазақ халқының тарихын зерттеудегі басты бағыт болып табылады. Яғни жеке тұлғалардың тарихымен терең байланыста дамыған қазақ халқының тарихы жекелеген қағандар мен билеушілердің негізінде тікелей зерттелуі қажет. Есімдері үлкен аңызға айналған сол тарихи тұлғаларға қазіргі таңда ғылыми тұрғыдан өз бағасын беруде көптеген ғылыми-зерттеулер жүргізіліп, тарихымыздың өзекті мәселелері ашыла түсуде. Сондай тарихи тұлғалардың бірі ғұндардың алғашқы империясының іргесін қалаған Мөде тәңірқұт болатын. Қазіргі кезде оның қоғамдық-саяси қызметін жан-жақты зерттеп, жаңа құндылықтар тұрғысынан тұжырымдау қазақтардың рухани жағынан оянуына, еліміздің іргесін нығыздап, тәуелсіздігіміздің баянды болуына қызмет жасайтыны анық. Мөде тәңірқұт сияқты билеушінің тарихы ешқашан да елінен бөлінген емес, қайта керісінше, халқымыздың әйгілі қайраткерлерін тану арқылы тұтастай мемлекетіміздің тарихы жазылады. Сондықтан да зерттеліп отырған Мөденің қоғамдық-саяси қызметін деректер бойынша ашып жазу тарих ғылымының сұранысына арналған.

Материалдар мен әдістер. Теориялық және әдіснамалық бағыты өркениет принципі мен тарихи ұстанымның негізінде жасалды. Ежелгі ғұн тайпаларының тарихтағы белсенді рөлін зерттеудегі әдістемелік нұсқаулар да ескерілді. Өркениеттің негізі ғұн тайпаларының тарихи сахнадағы орны мен рөлі және олардың қытайлық әулеттермен арадағы қатынастарын бағалауда ерекше орын алады. Осы бағыт аясында тайпалардың тарихқа қосқан үлесін анықтайтын нақты қадамдар есепке алынды. Бұл бағыттағы қадамдар тарихи принциптерге сәйкес келеді.

Талқылау. Ресей империясының шығыстану мектебі үлкен маңызға ие. Ресей империясының тарихында Қытай тарихын зерттеушілердің бірі монах Н.Я. Бичурин еді. Автор жергілікті халықтың тілін, тарихын, мәдениетін білу үшін Қытайға сапар шегеді. Ол Қытай халықтарының этнографиясы, ежелгі, ортағасырлық және жаңа тарихы, философиясы мен мәдениет туралы бірқатар еңбектер жариялап, онда Мөде шаньюй туралы да құнды мәліметтер береді (Бичурин, 1950). Жалпы Н.Я. Бичурин ғұндар мен оның Мөде тәңірқұт сияқты билеушілердің тарихын зерттеуде көп еңбек сіңірді. Осы тақырып бойынша зерттеулер жүргізген кеңестік тарихнамаға келетін болсақ, олардың қатарына: В.С. Таскин (Материалы, 1984 а), А.Н. Бернштам (Бернштам, 1934), Л.Н. Гумилев (Гумилев, 1998), С.Г. Кляшторный (Кляшторный, 2000), Е.И. Кычанов (Кычанов, 1997) және басқалары кіреді. Бұл зерттеушілер Еуразия даласындағы түрік

халқының әлемдік өркениетке қосқан әр түрлі аспектілерді баяндай отырып ғұндар мен қытайлардың арасындағы байланыстар туралы мәселелерді де қарастырған кезде міндетті түрде Мөденің қоғамдық саяси қызметтеріне тоқталады. Посткеңестік кезеңнің белгілі ғалымдары Н.Н. Крадин (Крадин, 2001), В.В. Трепавлов (Трепавлов, 2015), В.В. Тишин (Тишин, 2015) және басқалары зерттеп отырған тақырыпқа қатысты мәліметтер береді.

Нәтижелер. Осы уақытқа дейін тарихшылардың арасында ғұндардың шығуы мен олардың мемлекеттік құрылымына байланысты ортақ тұжырымдаманың жоқтығынан көптеген пікірлер екені белгілі. Солардың ішінде кейбір зерттеушілер ғұн мемлекетінің негізі б.з.д. XXIII ғасырда-ақ құрылған деп баға береді (Викторова, 1980:120). Мәселен қытай деректерін арнайы қарастырған зерттеушілер ғұн қоғамын б.з.д. XXIII және XIX ғасырға дейін әкеліп, Орталық және Солтүстік Азияның кейбір бөлігінде, соның ішінде Минусинск ойпаты мен Алтайда алғашқы көшпелі қоғамдар дүниеге келеді және бұл жерде ғұндардың қоғамы қалыптасқан дейді (Казаков, 2021: 71).

Үғни ғұндардың күрделі саяси жүйесі немесе мемлекеті б.з.д. III-II ғасырларда Мөденің империясына дейін орнағаны анық (Крадин, 2001: 32). Шаньюй Түменнің кезінде ғұндарды үш жақтан әскери қабілеттері жоғары көршілері қоршап жатты. Батысында қуатты юэчжилер орналасса, шығысында дунхулар қоныстанды. Динлин тайпалары да қауіп төндірген тайпалардың біріне жатты. Жалпы ғұндардың саяси тарихы Түменнің Ордосты басып алуынан басталған. Түменнің есімімен ғұндардың Қытайға жасаған алғашқы шапқыншылығы да байланысты (Бернштам, 1951 б: 61). Алайда қытайлықтар жауап ретінде б.з.д. 216 жылдан бастап көшпенділерді қыспаққа алып, б.з.д. 215 жылы Ши-хуан император қолбасшысы Мэн Тяньға 300 мың әскермен ғұндарға шабуыл жасауды бұйырады. Ол ғұндарды солтүстік батыстан қуып шығып, Хуанхэ өзенінің оңтүстік жағалауын басып алып, ғұндарды 350 шақырымға дейін дейін шегіндіреді (Миняев, 2014: 129).

Олардың берген соққысынан ғұндар Ордосты тастап кетіп қана қоймай оңтүстікке қарай жылқысын өрістетуден бас тартады (Сыма Цянь, 1984: 75).

Мэн Тянның жеңісінен кейін көшпелілер өздерінің аттарын Хуанхэ өзеніне суғара алмай, амалсыздан далаға шегіне бастайды. Шекара маңында тұратын халықтың айтуы бойынша ғұндардың Ордостан айрылуы оларға рухани жағынан соққы болып тиген. «Ғұндар Иньшань тауынан айрылып қалған соң, - деп жазады қытай дерек көзі, - сол таудың қасынан өткен кезде олар үнемі жылайтын» (Бичурин, 1954: 93-94).

Ғұндарды талқандаған Мэн Тян Хуанхэ өзенінің оңтүстігіндегі барлық жерлерді кері тартып алады да, Хуанхэ өзенінің бойын қабырғамен қоршап, Ганьсу, Шеньси және Ордос аудандарына кіретін Юйчжуннан шығысқа қарай Иньшань тауына дейінгі аймаққа бекіністер мен 44 уездік қалаларды салып, үлкен қорғаныс қабырғасын тұрғызады. Мұнымен қатар қытайлықтар көшпенділер мен отырықшылардың арасын бөліп тұратын жасанды шекарасына жер аударылған қылмыскерлерді әкеліп орналастырады (Материалы, 1968 б: 37-38).

Осындай іс-шаралардың біріне Ұлы Қытай қорғаны кірді. Жалпы Цин Шихуаньдидің жоспары бойынша бұл қорғаныс құрылысы солтүстіктен келген көшпенділердің шапқыншылығына тосқауыл жасауды мақсат тұтып, Ұлы қорғанды сала бастайды. Оның жұмысы күндіз-түні жүріп, адамдар жетіспеген кезде оның құрылысына әскери тұтқындар мен қылмыскерлерді салады. Құрылыстың ісі ауыр болғаны соншалықты жұмыс кезінде шыдамай өлгендердің денесін қабырғаға қалап жіберген. Қорғанның қамалы 4 мың шақырымға созылса, биіктігі 10 метр болды және әр 60-100 метр сайын қарауылдардың мұнаралары салынды. Алайда бұл қорған көшпенділердің шабуылын тоқтата алмады. Сондықтан Хань әулеті кезінде Қытай қайтадан жедел қимылдау шайқастардың жүйесіне оралады (Гумилев, 1998: 27).

Б.з.д. 214 жылы қытайлықтар солтүстік батыста да жундардың жерін тартып алып, өзеннің жоғары ағысына да ұзын қабырғалар тұрғызады. Түмен шаньюй болса қытайлықтарды жеңе алмай солтүстікке қарай кетеді (Ковалев, 2009: 215).

Дегенмен Цин Шихуаньдидің солтүстікке белсенді түрде жасаған басқыншылық саясаты өз нәтижесін бермеді. Өйткені ғұндар өздерінің отбасымен қоса мал-мүлкін алып, қытайлықтардың соққысынан оп-оңай құтылып кететін. Цин патшалығына Ұлы Қытай қорғаны да өз жемісін бере алмады. Қайта оны тұрғызуға мемлекеттің зор шығыны кетіп, ақыры империяның қирауына алып

келді. Оның үстіне Қытайдың күшейген басқыншылығына қарсы көшпенділердің кең далаға шашыла қоныстанғанына қарамастан біртұтас әскер-саяси одаққа бірігуіне итермеледі. Мұндай одақтың тетіктерін іске қосу үшін олар күшті билікті қажет етті. Осылайша көшпелілердің ірі одағы немесе тұтас далалық империясы дүниеге келді. Бұл кезде б.з.д. 210 жылы бүкіл Қытайды Цин әулетіне біріктірген Ши-хуанди император өліп, артында қалған балалары Ордостағы қолбасшы Мэнь Тяньға сүйенген Фу Су мен канцлер Ли Сы мен сарайдағы ең беделді қызметкерлердің бірі әтек Чжао Гао Фудің ықпалындағы Ху Хаяның арасында өткен тақ үшін күрестің нәтижесінде билік Чжао Гаоның қолына көшеді. Алайда оның қатыгездігі жаппай көтерілістерге алып келеді. Алғашқы көтерілісті Чэн Шэн және У Гуан бастайды. Дегенмен олардың қарсылығы тұрақты әскерлердің күшімен басып-жанышталғанымен басқалардың көтерілуіне жол салып береді (Гумилев, 1998: 29).

Соның ішінде шекараға зорлықпен көшіріп әкелінген қылмыскерлердің бәрі қашып кетеді. Бұл жағдай ғұндардың жағдайын жақсартып, олар қайтадан Хунхэның оң жағалауына жүзіп өтеді де Қытаймен бұрынғыша көрші болып алады (Материалы, 1968: 38).

Дегенмен дала империясының құрылуы мен ғұн қоғамының дамуы Мөде шаньюйдің есімімен тығыз байланысты (Миняев, 2012: 392-393). Өзінің «Тарихи жазбаларында» Сыма Цянь Мөденің билік басына келуі туралы қызық аңызды келтіреді. Онда Мөде б.з.д. III ғасырда билік құрып отырған Түмен шаньюйдің үлкен ұлы болатын. Алайда Түмен сүйікті тоқалынан туған ұлын мұрагер еткісі келіп, Мөдеден құтылудың жолын іздейді. Ақыры оның жолын тапқан шаньюй Мөдені юэчжэйлерге құрметті аманат ретінде аттандырады. Мөде юэчжэйлердің еліне барды ау деген кезде Түмен юэчжэйлерге тұтқиылдан шабуыл жасайды. Далада қалыптасқан заң бойынша мұндай жағдайда юэчжэйлер Мөдені өлтіруді ұйғарады. Бірақ ерекше қабілет танытқан Мөде күзетшілерді алдайды да, бір арғымақты ұрлап мініп, еліне қашып келеді. Баласының бұл батырлығына риза болған Түмен оған он мың әскер бөліп береді. Дегенмен әкесі Түмен шаньюйдің Мөдеден құтылудың ыңғайлы уақытын күтіп жүргенін, сондықтан жағдайы мүлдем мүшкіл екенін түсінген ол өзіне берілген оң мың атты әскерін алдын ала дайындайды. Мөде осы жауынгерлеріне аңшылықта жүрген әкесін атып өлтіртікізіп, ордадағы билікті басып алады да кіші інісі мен оның шешесін және бағынғысы келмеген рубасшыларды жазалайды (Крадин, 2001: 47-48). Б.з.д. 209 жылы Мөде өзін шаньюй деп жариялайды. Мөде таққа отырған кезде дунхулардың күшейіп тұрған кезі еді. Шамасы ғұндар дунхуларға жартылай тәуелділіктің белгісі ретінде оларға салық төлеп тұрған. Дунхулар мемлекет ретінде емес, өзінің руластарынан ешқандай артықшылығы жоқ старшындар немесе көсемдер арқылы басқарылатын тайпалық одақ негізінде өмір сүрген. Ал дунхуларға қарағанда ғұндарды шексіз билігі болмаса да өмір бойына сайланған шаньюйлар басқарды. Мөде әкесін өлтіріп таққа отырғанын естіген дунхулардың билеушісі б.з.б. 206 жылы елші жіберіп, Мөдеден әкесінен қалған тұлпарды беруін талап етеді. Мөде бектерін жинап, мәжіліс жасайды. Бектері: «бұл ат ғұндардың қасиетті тұлпары, беруге болмайды», - дейді бір ауыздан. Мөде: «көрші отырған елміз ғой, бір атты қимай қайтеміз, берейік», - деп бергізеді. Мөденің қорыққаны деп ұққан дунхулардың билеушісі дереу тағы елші жіберіп, Мөденің әйелдерінің бірін алғысы келетінін білдіреді. Мөде тағы оң, сол қол бектерін түгел жинап ақылдасады. Олар бұған ашу-ызамен: «дунхулар арсыз екен, қалай әйеліңізді сұрайды, оған соғыс ашу керек», - деп жауап береді. Мөде: «көрші отырған елміз ғой, бір әйелді қимай қайтеміз», - деп өзінің бір тоқалын дунхуларға береді. Дунхулардың билеушісі онан ары басынып батыс жаққа ірге кеңейтпек болады. Дунхулар мен ғұндар аралығында мың ли жер жатушы еді, екі жақ өзіне қарасты отарына барып келіп жүретін. Дунхулардың билеушісі Мөдеге тағы да елші жіберіп, шекарадағы бос жерлер иен жатыр, оған ғұндардың ат тұяғы тимесін, оны бізге берсін деп қоқан-лоқылық көрсетеді. Мөде бектерінен сұрайды, олар бір ауыздан: «Бұл шынында бос жер ғой, бере салайық», - дейді. Мөде «жер деген елдің түптамыры, оны қайтып бере аламыз?», - деп қатты ашуланады. Мөде жедел атқа қонып, соғыспайық дегендердің басын алып, әскерін бастап дунхуларға шабуыл жасайды. Мөде өзін менсінбей қамсыз жата берген дунхулардың тас-талқанын шығара жеңеді. Осы шапқыншылықтан Мөдеге өте көп мөлшерде олжа түсіп, дунхулардың барлық жері мен дүние-мүлкі ғұндардың иелігіне өтеді (Крадин, 2001: 49).

Ал Мөденің соққысынан дунхулардың тірі қалған бөлігі болса Ухуань тауына барып паналайды. Бірақ дунхулар әлсіреп кеткендіктен ғұндарға бағынып жыл сайын салық ретінде сиыр, жылқы және қой терілерін жеткізіп беріп тұрды. Оны уақытында бере алмаса, ғұндар олардың әйелдерін тартып алып кетіп отырды. Жеңіс оған мол олжамен қатар тайпаластарының арасында зор бедел әкеледі. Дунхуларды жеңген Мөде қайтарында батыстағы юэчжилерге бас салып оларды қуып жібереді. Алайда осы кезден бастап ғұндардың юэчжилермен ұзаққа созылған соғыс басталады. Б.з.д. 205-204 жылдары Мөде шаньюй Қытайдағы саяси дағдарысты пайдалана отырып, оңтүстіктегі Хуанхэ мен лоуфан және байян тайпаларының арасындағы жерлерді өзіне қосып алып, ғұндардың иелігін толығымен қайтарып алады да Ханмен арадағы Хуанхэнің оңтүстігінен Чжао және Фушиге дейінгі аралықтағы бұрынғы шекараны бекітіп, Янь мен Дай патшалығына басып кіреді (Материалы, 1968: 39).

Осылайша Мөде «ертедегі ғұндардың қасиетті жері» Ордосты қайтарып алады. Ғұндардың жайылымға бай Ордос туралы қытайлық деректерде былай делінеді: «Шығыстан батысқа қарай қалың орманы мен малға оты көп және аң мен құсқа бай Иньшань тауы 1000 лиге созылып жатыр. Дәл осы таулардың арасында Мөде шаньюй өзіне пана тауып, осы мекенде садақ пен жебе жасап, осы жерден шапқыншылықтар ұйымдастырып, жабайы аң мен құстарды ұстайтын қорығы болатын» (Материалы, 1973: 39-40).

Ғұндардың күшеюіне Хан әулетінің әскерлері Сян Юмен соғысып жатуы да өз септігін тигізді. Тіпті деректерде Мөденің әскерінің саны 300 мың атқыштарға дейін жеткен.

Ғұндардың соғыс кезінде қанша әскер шығара алатыны жөнінде нақты мәліметтер жоқ. Сыма Цян өзінің «Ши цзи» атты атақты шығармасының 110-ші цзюанында б.з.д. 200 жылы Мөде мен Гао-дидің арасында өткен шайқаста ғұндардың атты әскері 400 мыңға жетті деп көрсетсе, ал 99-ші цзюанында Сыма Цян ғұндардың әскерін 300 мыңға дейін түсіреді (Материалы, 1968: 41,71). Соңғы көрсетілген санды В.С. Таскин дұрыс деп есептейді. Сонымен қатар, Ғұн империясындағы қарулы күштерінің мөлшерін анықтауда тағы бір нұсқа бар. Мұнда да әскердің саны жоғары көрсетілгенмен сәйкес келеді. Мәселен «Ши цзидің» 110 цзюанында Мөденің билік құрған кезіндегі Ғұн қоғамының саяси жүйесінің жан-жақты сипатталып, 24 түменбасының 10 асыл бекзадасының әрқайсысы 10 мыңнан аса атты әскер ұстаған делінеді (Бичурин, 1950: 48-49). Ал қалған 14 түменбасылар олардан кем әскерге билік жасаған. Алайда бұл түменбасылардың әрқайсында кем дегенде 5-7 мың атты әскерге иелік еткен. Егерде осы мәліметтердегі әскер санын қосатын болсақ онда ғұндардың оң және сол қанатында 170-200 мың атты әскерді құрайды. Оған орталықты басқарған шаньюйдің өзіндегі осыған шамалас әскерді қосатын болсақ онда барлығы 250-300 мыңға жететінін көре аламыз.

Әрине әрбір ғұн жауынгер болғанына қарамастан көптеген жорықтарға олардың бәрі қатыспағаны анық. Жылнамалық деректерде Қытаймен соғысқан ғұндардың жобамен берілген әскерлерінің саны бар. Мәселен б.з.д. 166 ж. – 140 мың адам, б.з.д. 140 ж. – 100 мың адам, б.з.д. 128 ж. – 20 мың адам, б.з.д. 125 ж. – 90 мың адам, б.з.д. 103 ж. – 80 мың адам, б.з.д. 97 ж. – 100 мың адам, б.з.д. 90 ж. – 50 мың адам, б.з.д. 80 ж. – 100 мың адам. Жалпы ғұндар жорыққа шамамен 90 мың атты әскерді шығарып отырған. Яғни бұл негізгі әскерінің 3-тен бір бөлігін құраған (Крадин, 2001: 56-57).

Алайда жақын қашықтықтағы шайқас кезінде ғұндардың қанжары немесе қылышы қытайдың алебардысынан әлдеқайда төмен түскен. Сондықтан да Байдэн шайқасында Мөде шаньюй бекерден бекер қолма-қол шешуші шайқасқа түспей, қытайлықтармен келісімге келген. Бірақ-та Ю.С. Худяковтың пікірінше ғұндардың ақинақтан ұзын екі жүзді семсерлері олардың атты әскерлерін жақын қашықтағы шайқаста басымдылық танытуға мүмкіндік берген (Худяков, 1986: 217–218). Дегенмен ғұндардың күшеюіне Мөденің жасаған әскери қайта құрулары мен ұйымдастырылуы маңызды рөл атқарған. Бірінші кезекте ондық жүйе бойынша әскерлері ондыққа, жүздікке, мыңдыққа және он мыңдыққа бөлінді (Крадин, 2001: 58).

Бұл иерархиялық жүйе әскери істің тарихында ерекше рөл атқарған. Өйткені ондық жүйе әскери қатынаста тиімділік танытқан. Олар қауіп төнген бойда-ақ жылдам ұйымдаса алған. Ал ұйымдастыру құрылысы жоғары деңгейге қойылған әскер кез-келген жауды жеңуге мүмкіндігі зор болатын (Крадин, 1992: 142–143). Әскери тарихта саны аз болғанымен, бірақ ұйымшылдығы күшті

әскерлердің өздерінен әлдеқайда көп әскерлерді жеңгені туралы мысалдар өте көп. Сонымен қатар Мөденің ұйымдастырушылық жағынан маңызды жаңалықтардың бірі қатал тәртіптің енгізілуінде жатты. Бұл қағидаға әбден еркіншілдікке үйреніп қалған тайпа көсемдері оңайшылықпен мойынсұнбаған. Осы жағдай Мөденің оларға барынша қатал жазалар қолданып отыруға мәжбүрлеген. Мәселен аңыздарға сүйенсек Мөде дунхулармен арадағы соғысқа кешігіп келгендердің бәріне өлім жазасын кескен (Крадин, 2001: 59). Мөденің кезінде ғұндардың күшейгені соншалықты солтүстіктегі барлық тайпаларды бағындырып, оңтүстікте Қытайға тең келетін мемлекетін құрады (Леус, 2019: 51).

Б.з.д. 203 жылы Мөде өз шекарасының солтүстігінде соғыс жүргізіп, өзіне ғұндарға туысқан болып келетін хуньюларды, олардың көршілері Енесейдің жоғары жағынан Ангараның аралығындағы Саян қыратының солтүстігінде мекендеген динлиндерді, Батыс Моңғолиядағы Қырғызнор көлінің маңын мекендеген гэгунь-қырғыздарды және белгісіз цайли халқын бағындырады. Осылайша мемлекетінің тылын қауіпсіздендірген Мөде Қытайға назар аударады. Бұл кезде Хан әулеті көп уақытқа дейін елді күйзелістен алып шыға алмайды. Оған қоса елге ғұндар басып кіреді. Б.з.б. 202 жылы Мөдемен теке- тіресе соғысып жатқан Хан патшалығы осы соғыстың салдарынан жағдайларын одан сайын қиындатып алады. Сондықтан Мөденің одан әрі күшеюіне жол ашылады. Б.з.б. 201 жылы көктемде Қытай билігі Хань Синь деген бекті ғұндарға қарсы қорғаныс ұйымдастыру мақсатында Тайюанның солтүстігіне жібереді. Хань Синь шекараға жақын ғұндар әлсін-әлсін шабуыл жасайды деп ордасын Май бекінісіне ауыстырады. Күзде ғұндар Май бекінісін қоршап алады. Қыркүйекте бекіністің басшысы Хань Синь амалсыздан ғұндарға беріледі. Қытайлықтардың дәстүрінде жаудың қолына тірідей берілу сатқындық болып есептелгендіктен Хань Синь ғұндардың билеушісіне өз еркімен адал қызмет көрсете бастайды. Май бекінісін алған соң ғұндар оңтүстікке қарай табысты түрде жылжып, б.з.д. 200 жылы Гэучжу қыраты арқылы солтүстік Шаньсидің астанасы Цзиньян қаласына келеді. Ғұндарға қарсы Гао-ди әскерді өзі бастап қарсы шығады. Алайда жол үстінде қытайлық әскерлердің үштен бірі аяздан қолдарын үсітіп алады. Шешуші шайқас кезінде Мөде көшпенділерге тән ертеден келе жатқан әдісті қолданып, әдейі қашқан болып қытайлықтардың әскерін тосқауылға түсіреді де, қолды бастап келе жатқан императорды негізгі күштерден бөліп тастап Пинчэн қаласынан қашық емес Байдын деп аталатын тау шатқалында төрт жақтан келіп қоршайды. Қоршауда қалған император мен оның әскері ғұндардың шабуылдарын жеті күн бойы ұйықтамай тойтарумен болады. Ақыры қытайдың тыңшысы қоршаудан сытылып шығып, Мөденің әйеліне жолығады оны тәңірқұттың қытайлықтармен бейбіт келісімге келуге көндіруді өтінеді. Қытайлық тыңшының кеңесін дұрыс көрген ханша Мөдеге Қытайдың жерін басып алғанымен ол ғұндардың мал жаюына қолайсыз деп оны өз айтқанына көндіреді (Бичурин, 1950: 50-51).

Нәтижесінде Мөде Қытайдың императоры Гаоцзуға негізгі күштеріне қосылу үшін жолды ашуға бұйрық береді (Гумилев, 1998: 78). Гао-ди патша Пинчэн қоршауынан қайта оралғаннан кейін Чжоу бектігіне бақылауын күшейтіп, Дай бектігінің шекарасына әскер жіберді. Қаңтарда ғұндар Дай бектігіне шабуыл жасайды. Дай бегі Лю Син елін тастап қашады (Ғұн тарихы, 2004: 24). Б.з.б. 199 жылы күз-қазан айларында Мөде солтүстіктен қайта-қайта шапқыншылықтар жасап болмаған соң Гао-ди патша уәзірлерінен «бұларға тосқауыл қоюға қандай тиімді амал бар» - деп сұраған кезде оған ғұндармен құдаласып, татуласу амалын жасауды ұсынады. Б.з.б. 198 жыл қыста Гао-ди патша ғұндарға елшілік жіберіп, «бейбітшілік және туысқандық» келісім шарты жасалады. Ол бойынша Гаоцзу патша ханшасын тәңірқұтқа әйелдікке беріп, жыл сайын келісім-шартта көрсетілген белгілі бір мөлшердегі құнды заттарды сыйлықтар ретінде жөнелтіп тұруға міндеттеме етіп алады. Өйткені ғұндарға салық төлеуге намыстанған қытайлықтар оларға салықты тікелей төлеуден бас тартып, салықты сыйлық ретінде беріп тұруға келіскен еді. Мысалға 176 жылы Мөде Қытайға бір түйе, екі ат және екі аттың әбзелінен тұратын шағын ғана сыйлықты жіберсе, оған жауап ретінде қытайлықтар көп мөлшерде жібек алтыннан тұратын сыйлықтарды жібереді (Қычанов, 1997: 55-56.). Қытай патшалығы болса оны аса құрметпен қабылдап алады. Ғұндар үшін Ханның берген сыйлықтарының ішінде жібек аса жоғары бағаланды. Өйткені жібекті қарапайым сауда орындарында таба алмайтын немесе айырбастап алу мүмкін емес еді. Оны тек қана қытайлық әкімшіліктен бай алым-салық түрінде ала алды. Қытайлықтардың ғұндарға берген жібектің

көлемі 10 мың кесекті немесе пиді құрады. Егерде хандық өлшемдер бірлігіне салсақ бір кесек (пи) ұзындығы бойынша төрт чжан (9,24 м) және көлденең екі чи және екі иуняға (50 см) келеді (Лубо-Лесниченко, 1994: 146). Осыған байланысты 10 мың кесек (пи) 92 400 метрге тең болады. Ал одан жібектен бірнеше мың халат тігілді (Крадин, 2001: 189).

Дегенмен Мөде мен ханшайым сыйлықтарды алғанымен өзіне іздеп келген Хань Син сияқты қашқын-бүлікшілерді қолдап, оларды Қытайдың солтүстігіне жорық жасап келуге аттандырып отырады. Яғни қытаймен ғұндардың арасындағы соғыстар бір сәтке тоқтамайды. Б.э.д. 197 жылы Хан Сянның жағына Чжао және Дай иеліктеріндегі әскерлердің басшысы Чэнь Си шығып кетеді. Ол ғұндармен одақтық шарт жасасады. Алайда көп кешікпей императрица Люй Хоу Хан Синды астанаға алдап шақырады да, артынша оның басын алады. Фан Куай бастаған қытайлықтардың әскерлері екі жылдық соғыстан кейін империяның ішіндегі бүлікті басқанымен, Ян княздығында жаңадан бүлік басталғандықтан шекарадан өте алмайды. Көтерілісшілердің басшысы Лу Гуан ғұндардың жағына шыққан соң, көшпенділердің шапқыншылығы Қытайдың шығысына қарай ойысады. Қытай әскерлеріндегі қолбасшылардың опасыздығы жиі құбылысқа айналған болатын. Б.з.д. 195 жылы Гао-ди қайтыс болып, оның орнына отырған мұрагер жас болғандықтан шешесі Люй Хоу регент ретінде елді басқарған кезде де мемлекеттегі өзара қырқыстар күшейіп кетеді. Б.з.д. 192 жылы Мөде императрицаға үйлену туралы ұсыныс жасап, бүкіл Қытайды өз иелігіне алуға тырысады. Мөденің бұл ұсынысына императрица ашумен елшілерді жазалағысы келгенімен, артынша сарай уәзірлерінің ақылы бойынша Мөдеге қалыңдықтың «қартайып» қалуына байланысты оның ұсынысын қабылдамай сыпайы түрде кері қайтарады. Дегенмен Мөде осы жауапқа қанағаттанып, Қытайдың әлсіз, әрі бытыраңқылық жағдайда тұрғанына қарамастан жорық жасамайды. Шамасы бұл кезде Мөде юэчжейлермен соғысып жатқандықтан күштерін ыдыратып алмас үшін Қытайға жасайтын жорығын кейінге қалдырса керек. Өйткені Мөдеге дунхуларды жеңу оңайға түскенімен, батыстан келген көшпенді тайпалармен соғысу оңайға соқпады. Сондықтан ол Қытаймен арадағы соғысты уақытша болса да тоқтатады. Осы тыныштықты пайдаланған императрицаның үкіметі ішкі бүлікті қатаң түрде басып, мемлекеттің күш-қуатын нығайтуға күш салады. Мұны байқаған ғұндар б.з.б. 181 жыл бойы жиі-жиі Қытайға шабуылдар ұйымдастырып тұрады. Б.з.б. 179 жылы Хан әулеті қайтадан ғұндармен татуласып, құдаласып қыз береді. Ғұндар үшін Қытаймен арадағы қатынаста бейбітшілік қаншалықты дәрежеде керек болғанын мына оқиғадан байқауға болады. Б.з.б. 177 жылы ғұндардың Батыс бөлігінің билеушісі Хуанхэның оңтүстік жағына өтіп, Шанжунді шауып, адамдарын қырып кетеді. Вань-ди император 85 мың аттылы арбалардан тұратын әскерді жасақтап оларға қарсы жібереді. Бірақ қытайлардың жоспарын біліп қойған ғұндар дереу кері қайтып, шекарадан өтіп кетеді. Ғұндарды осы шапқыншылығы үшін оларды жазалау мақсатында далаға жорық жасауды ұйғарған кезде, оның бұл ісіне шекаралық әкімшіліктің басшысы Син Гюянің жасаған бүлігі кедергі келтіреді (Бичурин, 1950: 54).

Алайда осы уақытта ғұндардан елшілік келіп қытайлықтардан алдындағы ғұндық бектің жасаған шапқыншылығы үшін кешірім сұрап, кінәлі адамның батыстағы соғысқа жіберіліп, жазаланғанын айтып жеткізеді. Қытайлықтар болса ғұндардың күшін есептей отырып, олардың кешірімін қабыл алып, бұрынғы бейбіт қатынасты қайтадан орнатады (Гумилев, 1998: 80).

Жаңадан жасалған келісім-шарт бойынша ғұндық мемлекет қытайлық империямен теңесіп, билеушілер бір-біріне бауыр болып есептелді. Бұл ғұндар үшін үлкен жеңіс болатын. Өйткені осы уақытқа дейін бірде-бір көшпелілердің билеушілері қытайлықтарды өздерімен тең ретінде мойындата алмаған болатын. Оған қоса Хан әулеті ғұндарға алым-салық төлеп, жыл сайын жібек, азық-түлік, егін өнімдерін беріп тұруға міндеттенеді. 177 жылы ғұндардың әскерлері юэчжейлерді талқандап, бүкіл Шығыс Түркістан, усундерді және қияндардың жерлерін басып алады. Соның ішінде ғұндар Лоб-нор мен Тянь-Шаньның етегіндегі уларды, Жетісудың оңтүстігінде және Тяньшаньда мекендеген учундарды бағындырумен, Жетісудың солтүстігінен Ертіске дейінгі аралықтағы уге, Енисейдегі қырғыздардың аталары гяньгуньдарды өз билігіне кіргізеді (Бернштам, 1951: 63).

Тува, Хакасия, Алтай және Байкал өңірлерінде ғұндардың ықпалы күшті болғанын ондағы көптеген ескерткіштердегі жебенің ұштары, сүйекпен қапталған садақтар, белбеудің темір пластиналары сияқты әр түрлі ғұндық артефактардың молынан кездесетінінен көре аламыз. Алайда

ғұндардың Шығыс Маньчжурия, Приморья және Приамурьядағы биліктері қаншалықты дәрежеде тарағаны белгісіз. Мысалы, Сыма Цянның жазуынша Ғұн империясы шығысында Чосон мен вэймрға дейін тараған Күшейіп алған ғұндар өзіне бағынған дунху, ухуан сияқты тайпалардан алымдар жинауға кіріскен. Ғұндар алымдардан басқа да жолдар арқылы мол табыс тапқан. Мәселен олар керуен жолдарын бақылауға алып, одан ірі мөлшерде өз үлестерін алса, келесі табыс көзі Ішкі Моңғолия, Байкал өңірі, Оңтүстік Сібір, Қазақ даласына, Шығыс Түркістанның отырықшы алқаптары мен мемлекеттеріне жасаған шапқыншылықтардан олжа түрінде түсіп тұрған (Крадин, 2001: 63). Осылайша Мөде Орталық Азиядағы далалық көшпелі тайпаларды біріктірген тұңғыш қайраткерге айналды. Мөденің Ғұн мемлекетінің күш-қуатын арттыруда маңайындағы елдерді бағындырудан бөлек оның қоғамды өзгертуде жасаған реформалары ерекше орын алады. Әсіресе оның есімімен 24 санаттық басқару жүйесі мен төрт жоғарғы басшылық (шығыс және батыстық чжуки бекзадалар, шығыс және батыстық лули бекзадалар) реформасы жүзеге асып, ғұндардың көшпелі қоғамында «ауылдық» көшпелі қауымдастықтар қалыптасады (Бернштам, 1951: 62).

Осыған байланысты ғұндардың мемлекеттік басқару аппараты өте күрделі сатылардан тұрып, мемлекеттілік шенділер жасақталады. Ғұн қоғамының басында шаньюй отырды. Өкінішке орай шаньюйдің мағынасы туралы әлі күнге дейін ортақ пікір жоқ. В.А. Пановтың пікірі бойынша бұл атау көне түріктің тамған (таңба) деген лауазымнан қалған дегенге келтіреді (Панов, 1916: 42–54). Г. Сухбаатар болса шаньюй атауын моңғолдың сауап (ең үздік) сөзінен шығарып, оны қаған деген атаумен байланыстырады (Сухбаатар, 1976: 129).

К. Сиратори оны моңғолдың dengbi (тым) деген сөзінен шығарса, Е. Пуллиблэнк оны моңғолдың келесі dargan «лауазым» деген сөзімен байланыстырады. Шаньюй ғұндардың әлемдік тәртібінің орталығы болып, дала империясын бағыныштылары мен көрші халықтарға мойындатты. «Ши цзи» және «Хань шу» авторының мәліметі бойынша «Шаньюй Люаньди (немесе Луаньти, Сюй-лянти) деген фамилиядан шығады. Олардың мемлекетінде оны «Чэнли гуду шаньюй» деп атайды. Ғұндар аспанды чэнли, ал ұлын гуду дейді. Шаньюй «кең» деген мағына береді. Яғни бұл лауазымның иесі аспан сияқты өте кең» (Крадин, 2001: 138).

Қытайлық деректерді жан-жақты талдауға алған В.С. Таскин шаньюйдің негізгі міндеттерін төрт бағыттар бойынша анықтайды: 1. Шаньюй Ғұн мемлекетінің жоғарғы билеушісі ретінде, басқа мемлекеттер және халықтармен арадағы қатынасындағы саяси эконмикалық мүддесін білдірді. Оның хұзырына соғыс пен бейбітшілікті жариялау, саяси келісімдерді жасау, сыйлықтар мен алым-салықтар жинау құқығы, әулеттік некелерді құру және т.б. 2. Шаньюй империяның бас қолбасшысы болды және мемлекеттің әскери стратегиясын анықтап, ірі әскери топтардың қолбасшыларын тағайындады. Оларға әскери іс-қимылдар жүргізуге нұсқаулар берді және өзі де жиі-жиі ірі әскери іс-қимылдарды басқарды. 3. Шаньюй жоғарғы сот сатысында да тұрып, ең маңызды деген немесе талас тудыратын мәселелерді шешуде соңғы шешімдерді шығарды. 4. Шаньюй жоғары діни қызметтерді де атқарып, діни салт-дәстүрлерді жүргізді (Материалы, 1973: 9-11). Ғұн империясының негізін қалаушы Мөде Хан сарайымен жазысқан хаттарында өзін «Көктің бұйрығымен тағайындалған ұлы Шаньюй хунну» деп атаса, б.з.д. 176 жылы Лаошан шаньюй деген атпен таққа отырған оны ұлы Цзисюй «Көк пен жерден жаралған, Күн мен Айдың бұйрығымен тағайындалған ғұндардың ұлы шаньюйы» деген мансапты иеленеді (Крадин, 2001: 140). Шаньюйдің билігі әкеден балаға мұра ретінде берілді. Шаньюйдің әскери және дипломатиялық қызметінен басқа діни міндеткерлікті атқарды. Жыл сайынғы құрбандық шалатын храм шаньюйдің ордасында орналасты. Шаньюйдің өзі күніне ресми түрде екі рет күн мен айға құлшылық жасады. Мөденің тұсында ғұндардың Хуянь, Лань және Сюйбу деп аталатын үш ірі тайпаларының дәрежесі басқалардан жоғары тұрды (Бичурин, 1950: 49). Осы үш тайпа асыл тектілер болып есептелген. Хуян және Сюйбу ертедегі ху тайпаларынан шықса, Лань өзінің шығу тегін Шун Вэядан таратады. Қытайлықтар Хуян руының басшысын князь (гун) деп емес, патша деп атап шаньюйдің руынан жоғары қойған. Шаньюйдің руы өздерін Си Люань-ди деп атаған. Мемлекеттегі биліктерді дәстүр бойынша жоғарыда аталған рулардың өкілдері өзара бөліп алып отырған. Мысалы, мемлекеттік сот үнемі Сюйбу руынан тағайындалған. Шаньюйдің әйелдері осы рулардан таңдалып алынған (Гумилев, 1998: 38). Шаньюйдің әйелдері (яньчжи), ұлдары (гуту), ханшайымдары қытай деректерінде әр түрлі атауда кездеседі. Мәселен В.А. Панов яньчжи деген сөзден түріктің аш -

«эйел», «келіншек» дегеннің қытайша нұсқасын көрген (Панов, 1916: 20-27). К.Сиратори болса оны тунгустардың аси «келіншек» сөзімен байланыстырған. Ғұнның гуту деген сөзін В.А. Панов түріктің құт (ұлдары), ал цзюйцзыды қытайдың қалқасынан алғанда түріктің қыз/қыс деген мағынада қолданған. Шаньюй туысқандарының арасында түмендер ең маңызды мансаптылар ретінде төрт және алты «мүйізділерді құрады» (Крадин, 2001: 143).

Төрт мүйізге сол және оң ашь ван (ғұндарша туци ван), сол және оң лули вандар кірді. Олар өте бай және қуатты ақсүйектер болды. Фан Е олар атағының деңгейлеріне байланысты мынадай реттелік бойынша жасақтайды: сол сян ван, сол лули ван, оң сян ван, оң лули ван. Оның сол және оң дегендері шығыс және батыс дегенмен сәйкес келеді (Бичурин, 1950: 48). В.А. Пановтың ойынша мансаптарына ван дегенді Сыма Цянь тіркеген. Пановтың былайша тұжырым жасауына «Тан шудағы» Күлтегіннің шығыс чжуки бекзада (шамасы ғұндардан қалса керек) деген мансабы себеп болған. Оның мансабында ван деген тіркесі жоқ. Сондай-ақ түріктерде чжуки түг деп беріледі (Крадин, 2001: 144).

Сол және оң сян вандар империяның шығысы мен батысын басқарады. Өз кезегінде бұл бөліктерде екіге бөлініп, оларды кіші билеушілер лули вандар билеп, төрт «мүйізді» құрады (Акишев, 1984: 105–107). Негізінде империяның бұл қанаттары «мемлекет ішіндегі мемлекеттің» рөлін атқарды. Оның басшылары аймақтардағы орталық биліктің нұсқауларын жүзеге асырып, ірі әскери топтарға қолбасшылық жасады. Сол және оң сян вандар ерекше өкілдіктер, тіпті соғыс пен бейбітшілікке келгенде дербестіктің кейбір түрлерін пайдаланды. Әсіресе олардың билігі хан әскерлерінің бірнеше әскери топпен шабуыл жасаған кезде ерекше көрінді. Өйткені жердің кендігі, шаньюйдің өзі жау әскерлерінің тарапынан қыспаққа алынуы сол және оң сян вандарға жауапкершілігі зор, әрі жүгі ауыр жеке дара шешім қабылдауға мәжбүрленді. Сондай-ақ сол сян ванның ресми түрде тақтың мұрагері болғандықтан көшпелі империяның болашақ билеушісі үшін жақсы басқару мектебіне айналды. Мөденің кезінде сол сян ванның мұрагерлік мансапты бас яньчжиден туған үлкен ұл иеленсе, б.з.д. 102 жылы тақ мұрагерлігінің тәртібі өзгеріп, ол кезек бойынша ағадан ініге немесе ағадан немере ініге өте бастады. Қытай жылнамасынан бұл үрдіс қалай жүргенін көре аламыз (Материалы, 1973: 43–46). Шенеуніктер шығыс және батыс болып бөлініп, сол қанаттағы шенділер шығыс жақ тұсында тұрса, оң қанаттағы шенділер батыс жақ тұсында қоныстанды. Шығыс және батыс ұғымы «үлкен» және «кіші» деген ұғыммен ұштасты. Бірінші саты - чжуки княз (чжуки «ақылды» деген мағына берді). Шығыстық чжуки княз тақтың мұрагері ретінде белгіленгенімен, алайда бұл дәстүр жиі-жиі бұзылып тұрды. Екінші саты - лули княз, үшіншісі - дацзян, төртіншісі - ұлы дувэй, бесіншісі - ұлы данху (Бичурин, 1950: 49). Цзо (сол) және ю (оң) сөздерін қытайшадан Н.Я. Бичуриннан басқасы сол мен оң деп аударса, ал Бичурин оны шығыс және батыс дейді. Н.Я. Бичурин сян ванды чжуки бекзада деп аударса, В.А. Панов болса чжукиді түріктің түг-ту (жалау) деген сөзімен байланыстырады. Лули деген атаудың соңындағы ли деген иероглифты Панов түріктің кук (тұқ, тұқ) деген мансабы, ал лулидің түрікшесі аймақтың тұғыры дейді. Дацзян дегенді Н.Я. Бичурин «ұлы көшбасшы» десе, В.С. Таскин «ұлы әскербасшы», Б. Уотсон «генерал» деп аударады. Соңғы зерттеушінің тұжырымын Ямада мен Е.И. Кычановта қолдайды. Да дувэй атауын (Н.Я. Бичуринда дуой делінеді) қолбасшылық жасау деп аударылып, әскери шен мағынасын берген дейді. Да данху Б.Уотсон «шаруашылықтың ұлы басқарушысы» деп береді (Крадин, 2001: 202-203).

Осы үлкен шендер шаньюйдің руынан тағайындалды. Олардың бәрінде ұрпаққа берілетін иеліктері болмады. Иеліктерді олар қызметімен бірге алды. Ханзадалар ақсүйектерге лайық қызметтік орынды иеленді. Б.з. I ғасырында бірнеше сол сян ван қатарынан өлген соң, бұл лауазым бақытсыздық әкеледі деп одан бас тартып, оны «хуюй» деген атаумен ауыстырады. Дегенмен кейін ол уақыт өте келе қайтадан қалпына келтіріледі. Тіпті ол ғұндар оң және сол болып бөлінген соң да сақталып қалады. Алты мүйіз дегеніміз - сол және оң дацзян (ұлы әскербасы), сол және оң ұлы дувэй, сол және оң ұлы данху. Бұлар төрт «мүйіз» сияқты бекзадаларға жатқан жоқ. Сыма Цяньның жазуы бойынша олар қарамағында бірнеше мың әскері бар әлсіз «түмендерге» жататын. Соған қарамастан олар шаньюйдің тікелей туысқандары ретінде жауапты дипломатиялық тапсырмаларды орындап, жоғарыдағы билік үшін күреске белсенді түрде араласып, тіпті тақ мұрагерлігіне құқық та алатын. Тек б.з. I ғасырында қытай деректері бойынша олардың арасында шаньюйдің

туысқандарына жатпайтындар да кіре бастаған. О. Прицактың анықтауынша алты «мүйізділер» негізінен дипломатиялық қызметпен, сыртқы саудамен, мәдени байланыстар және басып алған жерлерді басқаруымен айналысқан. Империяның 24 жоғарғы әкімшілік лауазымның алғашқы оны шаньюйдің туысқандарына ғана берілсе, ал қалған он төртін басқа асыл әулеттер иеленді. Соңғылары өздерінің қарамағында бірнеше мың атты әскерлерді ұстап, ваньци (түмен) деген әскери дәрежемен аталды (Крадин, 2001: 146-147).

Шаньюйлердің ұрпақтарымен қатар «гудухуэ» деп аталатын ақсүйектерден шыққан қызметкерлер тобы болды. Олар жоғарғы шенеуніктердің көмекшілері ретінде басқарудың барлық жұмыстарын атқарды. Барлық шенеуніктер өздерінің жеке жасақтарға басшылық жасады. Солдан бастап оң сян ваннан донхуға дейін әрқайсысы он мыңнан әскер ұстаған күшті және бірнеше мың салт аттылары бар әлсіз жиырма төрт басшылар болды. Оларға вань-ци деген лауазым берілді. Барлық шенеуніктердің қызметтері атадан балаға мұра ретінде қалып отырды. Ғұндардың мемлекеттік аппаратында 24 шенеуніктен басқа ру басшылары да ерекше рөл атқарды.

Бұл иерархиялық жүйе әскери істің тарихында ерекше рөл атқарған. Өйткені ондық жүйе әскери қатынаста тиімді болған. Олар қауіп төнген бойда-ақ жылдам ұйымдаса алған. Ал ұйымдастыру құрылысы жоғары деңгейге қойылған әскер кез-келген жауды жеңуге мүмкіндігі зор болатын. Әскери тарихта саны аз болғанымен, бірақ ұйымшылдығы күшті әскерлердің өздерінен әлдейқайда көп әскерлерді жеңгені туралы мысалдар өте көп. Сонымен қатар Мөденің ұйымдастырушылық жағынан маңызды жаңалықтардың бірі қатал тәртіптің енгізілуінде жатты. Бұл қағидаға әбден еркіншілдікке үйреніп қалған тайпа көсемдері оңайшылықпен мойынсұнбады. Сондықтан Мөде оларға барынша қатал жазалар қолданып отырды. Мәселен аңыздарға сүйенсек Мөде дунхулармен арадағы соғысқа кешігіп келгендердің бәріне өлім жазасын кескен (Материалы, 1968: 39). Мөденің реформасы ғұндардың патриархалды тайпалық одағын әскери мемлекетке айналдырады. Кез-келген ғұн сарбаз атанып, өзінің басшысына міндетті түрде бағынды. Алайда рулық жүйе бұзылмады. Әрбір әскери бөлімшенің басында ханзадалар мен ру басшылары тұрды. Қатардағы ғұн тек әскери іспен айналысты. Ол тек олжамен ғана байыды. Өйткені соғыс кезінде қолға түскен олжа жауынгердің өзіне қалдырылды. Тұтқыны да өзіне құл болды (Гумилев, 1998: 87).

Сонымен Мөде ғұндардың 24 тайпасын біріктіріп қана қоймай, сол кездегі ең күшті мемлекеттің негізін қалайды. Б.з.д. 174 жылы Мөде өледі. Оның құрған империясы 300 жыл өмір сүреді. Алайда оның мұрагерлерінің бірде-біреуі онымен теңесе алмады.

Қорытынды. Мөденің кезінде ғұндардың мүддесі ең алдыңғы қатарға шықты. Өйткені көшпелілер отырықшы елдермен тығыз байланыс орнатуға ұмтылған кезде ол ең бірінші кезекте экономикалық табысты алға қойды. Ал Қытай сияқты отырықшы империя болса ғұндармен болған қатынаста мүмкіндігінше араласпау саясатын ұстанды. Сондықтан ең бірінші кезекте егіншілік өнімдеріне қажеттілік танытқан Мөде қытайларды күшпен байланысқа шығарды. Осыған байланысты ғұндар мен қытайлықтардың арасында ұзаққа созылған соғыстар басталады. Бұл соғыста Мөденің басқаруындағы әскери өнері мен техникасы жақсы дамыған ғұндардың әскері басым түсіп отырды. Әсіресе Мөде шаньюйдің жүргізген реформалары ғұндардың қоғамын одан әрі күшейтіп қытайлықтармен ұзақ соғыс жүргізуге мүмкіндіктер береді. Соның нәтижесінде ғұндар қытайлықтарды ашық майдан даласында бірнеше рет ауыр жеңілістерге ұшыратып оларды масқара шарттарды жасатуға мәжбүрлейді. Осы шарттар бойынша Қытайдың билік әулеті ғұндарға мол мөлшерде алым-салықтар төлеп Мөдені тұңғыш рет өздерімен тең санап, қыздарын әйелдікке беріп отырды.

Information about the authors:

Zhursinbayev Bakytzhan – Candidate of Historical Sciences, Acting Associate Professor of «History and Geography» M.Kh. Dulati Taraz Regional University, Kazakhstan, Taraz. E-mail: bakytzhan_72@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7476-4968>;

Zhubanyshov Berik – Candidate of Historical Sciences, Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty. E-mail: mr.berik1973@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9566-1634>;

Serikbayev Ermekbay – Candidate of Historical Sciences, Head of the Department of History and Geography, M.Kh. Dulati Taraz Regional University, Kazakhstan, Taraz. E-mail: serikbaev.66@mail.ru, <http://orcid.org/0000-0003-3571-9421>.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

- Акишев А.К. Искусство и мифология саков. – Алматы: Наука, 1984. – 176 с.
- Бернштам А.Н. Проблема распада родовых отношений у кочевников Азии. // Советская этнография, 1934. – № 6. – С. 6-115.
- Бернштам А.Н. Очерк истории Гуннов. – Ленинград, 1951. – 256 с.
- Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Москва-Ленинград: АН СССР, 1950. – Т. 1. – 382 с.
- Викторова Л.Л. Монголы. Происхождение народа и истоки культуры. – Москва: Наука, 1980. – 224 с.
- Гумилев Л.Н. История народа хунну. / Сост. и общ. ред. А. И. Куркчи: в 2-х книгах. – Москва: Институт ДИ-ДИК, 1998. Кн. 1. – 448 с.
- Ғұн тарихының жылнамасы. Көне қытай тілінен аударғандар: А. Мүтәліп, Т. Жиылұлы. – Түркістан: Тұран, 2004. – 411 б.
- Давыдова А.В. Иволгинский комплекс (городище и могильник) – памятник хунну в Забайкалье. – Ленинград: Изд-во ЛГУ, 1985. – 111 с.
- Казаков А.А. Лесостепной Алтай в эпоху великого переселения народов. // Тюрко-монгольский мир Большого Алтая: историко-культурное наследие и современность: материалы II Международного алтаистического форума. – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2021. – 504 с.
- Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. – Санкт-Петербург: Петербургское востоковедение, 2000. – 320 с.
- Ковалев А.А. Некоторые сообщения письменных источников, касающиеся 4-3 вв. до н.э. На северных границах Китайских государств. // XXV международная конференция источниковедение и историография стран Азии и Африки «Востоковедение и Африканистика в диалоге цивилизаций». Тезисы докладов. – Санкт-Петербург, 2009. – 22-24 апреля. – С. 213-215.
- Крадин Н.Н. Империя Хунну. Изд. 2-е, перераб. и доп. – Москва: Логос, 2001. – 312 с.
- Крадин Н.Н. Кочевые общества (проблемы формационной характеристики). – Владивосток: Дальнаука, 1992. – 240 с.
- Кычанов Е.И. Кочевые государства от гуннов до маньчжуров. – Москва: Восточная литература РАН, 1997. – 321 с.
- Леус П.М. Художественные бронзы эпохи хунну в Туве. // Искусство Евразии, 2019. – № 3 (14). – С. 50-65.
- Лубо-Лесниченко Е.И. Китай на Шелковом пути (Шелк и внешние связи древнего и раннесредневекового Китая). – Москва: Наука, 1994. – 326 с.
- Материалы по истории древних кочевых народов группы дунху. / Введ., пер. и коммент. В.С. Таскина. Москва: Наука, 1984. – 487 с.
- Материалы по истории сюнну (по китайским источникам). / Введ., пер. и коммент. В.С. Таскина. – Москва: Наука, 1968. Вып. 1. – 177 с.
- Материалы по истории сюнну (по китайским источникам). / Введ., пер. и коммент. В.С. Таскина. – Москва: Наука, 1973. Вып. 2. – 168 с.
- Миняев С.С. Чжаоский полководец Ли Му и его борьба с «Сюнну». // Записки института истории материальной культуры РАН. – Санкт-Петербург: Дмитрий Буланин, 2014. - №9. - 208 с.
- Миняев С.С. Исследование Ван Говэя о ранней истории Сюнну. // Академическое востоковедение в России и странах ближнего зарубежья (2007–2015): Археология, история, культура. / Под ред. В. П. Никонорова и В. А. Алёкшина. – Санкт-Петербург: ООО «Контраст», 2015. – 1112 с.
- Панов В.А. К истории народов Средней Азии. Вып. 1. Сюнну (Хунну). Турецкое происхождение народа Сюнну (Хунну) китайских летописей. – Владивосток: Изд-во А.В. Даттона, 1916. – 85 с.

Сухбаатар Г. К вопросу об этнической принадлежности хуннов (сюнну). // Проблемы Дальнего Востока, 1976. – № 1. – С. 123-133.

Сыма Цянь. Исторические записки. / Пер., предисл. и ком-мент. Р.В. Вяткина. – Москва: Наука, 1984. Т. III. – 942 с.

Тишин В.В. Историография социальной истории тюркского каганата VI-VIII вв. – Москва: Институт востоковедения РАН, 2015. – 554 с.

Трепавлов В.В. Степные империи Евразии: Монголы и татары. – Москва: Квадрига, 2015. – 368 с.

Худяков Ю.С. Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии. – Новосибирск: Изд-во ин-та археологии и этнографии со РАН, 1986. – 268 с.

REFERENCES:

Akischev A.K. Iskusstvo i mifologiya sakov [Art and mythology of the Sakas]. – Almaty: Nauka, 1984. 176 p. [in Russian].

Bernshtam A.N. Problema raspada rodovyyh otnoshenij u kochevnikov Azii [The problem of the collapse of tribal relations among the nomads of Asia], Sovetskaya etnografiya [Soviet ethnography]. 1934. No. 6. P. 6-115 [in Russian].

Bernshtam A.N. Ocherk istorii Gunnov [Essay on the history of the Huns]. – Leningrad, 1951. 256 p. [in Russian].

Bichurin N.YA. Sobranie svedenij o narodah, obitavshih v Srednej Azii v drevnie vremena [Collection of information about the peoples who lived in Central Asia in ancient times]. – Moscow-Leningrad: AN SSSR, 1950. T.1. – 382 p. [in Russian].

Viktorova L.L. Mongoly. Proiskhozhdenie naroda i istoki kul'tury [Mongols. The origin of the people and the origins of culture]. – Moscow: Nauka, 1980. – 224 p. [in Russian].

Gumilev L.N. Istoriya naroda hunnu [History of the Xiongnu people]. Institut DI-DIK. – Moscow, 1998. Kn.1. – 448 p. [in Russian].

Gun tarihnyn jylnamasy [Chronicle of Gun History]. Turkestan: Turan, 2004. 411 p.), [in Kazakh].

Davydova A.V. Ivolginskij kompleks (gorodishche i mogil'nik) – pamyatnik hunnu v Zabajkal'e [Ivolginsky complex (fortification and burial ground) – Xiongnu monument in Transbaikalia], (Publishing House of Leningrad State University. – Leningrad, 1985. – 111 p. [in Russian].

Kazakov A.A. Lesostepnoj Altaj v epohu velikogo pereseleniya narodov [Forest-steppe Altai in the era of the great migration of peoples], Tyurko-mongol'skij mir Bol'shogo Altaya: istoriko-kul'turnoe nasledie i sovremennost': materialy II Mezhdunarodnogo altaisticheskogo foruma [The Turkic-Mongolian World of the Greater Altai: Historical and Cultural Heritage and Modernity: Materials of the International Altaic Forum]. Alt. un-ta. – Barnaul, 2021. – 504 p. [in Russian].

Klyashtornyj S.G., Sultanov T.I. Gosudarstva i narody Evrazijskikh stepej. Drevnost' i srednevekov'e [States and peoples of the Eurasian steppes. Antiquity and the Middle Ages]. – Petersburg Oriental Studies. – St. Petersburg, 2000. 320 p. [in Russian].

Kovalev A.A. Nekotorye soobshcheniya pis'mennyh istochnikov, kasayushchiesya 4-3 vv. do n.e. Na severnyh granicah Kitajskih gosudarstv [Some messages from written sources relating to the 4th-3rd centuries. BC On the northern borders of the Chinese states], HKHV mezhdunarodnaya konferenciya istochnikovedenie i istoriografiya stran Azii i Afriki «Vostokovedenie i Afrikanistika v dialoge civilizacij» [XXV International Conference on Source Studies and Historiography of Asian and African Countries «Oriental and African Studies in the Dialogue of Civilizations»]. – St. Petersburg, 2009. April, 22-24. – P. 213-215), [in Russian].

Kradin N.N. Imperiya Hunnu [Xiongnu Empire]. – Moscow: Logos, 2001. – 312 p. [in Russian].

Kradin N.N. Kochevye obshchestva (problemy formacionnoj harakteristiki) [Nomadic societies (problems of formational characteristics)]. – Vladivostok: Dalnauka, 1992. – 240 p. [in Russian].

Kychanov E.I. Kochevye gosudarstva ot gunnov do man'chzhurov [Nomadic states from the Huns to the Manchus], (Eastern Literature of the Russian Academy of Sciences. – Moscow, 1997. 321 p. [in Russian].

Leus P.M. Hudozhestvennyye bronzy epohi hunnu v Tuve [Artistic bronzes of the Xiongnu era in Tuva]. // *Iskusstvo Evrazii*. – 2019. No.3 (14). – P. 50-65 [in Russian].

Lubo-Lesnichenko E.I. Kitaj na SHELkovom puti (SHELk i vneshnie svyazi drevnego i rannesrednevekovogo Kitaya) [China on the Silk Road (Silk and External Relations of Ancient and Early Medieval China)]. – Moscow: Nauka, 1994. – 326 p. [in Russian].

Materialy po istorii drevnih kochevyh narodov gruppy dunhu [Materials on the history of the ancient nomadic peoples of the Dunhu group]. – Moscow: Nauka, 1984. – 487 p. [in Russian].

Materialy po istorii syunnu (po kitajskim istochnikam) [Materials on the history of the Xiongnu (according to Chinese sources)]. – Moscow: Nauka, 1968. Issue.1. – 177 s. [in Russian].

Materialy po istorii syunnu (po kitajskim istochnikam) [Materials on the history of the Xiongnu (according to Chinese sources)]. – Moscow: Nauka, 1973. Vyp.2. – 168 p. [in Russian].

Minyaev S.S. CHzhaoskij polkovodec Li Mu i ego bor'ba s «Syunnu» [Zhao commander Li Mu and his fight against the Xiongnu], *Zapiski instituta istorii material'noj kul'tury RAN* [Notes of the Institute of the History of Material Culture of the Russian Academy of Sciences]. – Sankt-Peterburg: Dmitrij Bulanin, 2014. No.9. 208 p. [in Russian].

Minyaev S.S. Issledovanie Van Goveya o rannej istorii Syunnu [Wang Gowei's research on the early history of the Xiongnu], *Akademicheskoe vostokovedenie v Rossii i stranah blizhnego zarubezh'ya (2007–2015): Arheologiya, istoriya, kul'tura* [Academic Oriental Studies in Russia and CIS countries (2007–2015): Archeology, history, culture]. – St.-Petersburg: Contrast LLC, 2015. – 1112 p. [in Russian].

Panov V.A. K istorii narodov Srednej Azii. Vyp. 1. Syunnu (Hunnu). Tureckoe proiskhozhdenie naroda Syunnu (Hunnu) kitajskih letopisej [On the history of the peoples of Central Asia. Issue. 1. Xiongnu (Hunnu). Turkish origin of the Xiongnu (Xiongnu) people of Chinese chronicles]. – Vladivostok: A.V. Dutton, 1916. – 85 p. [in Russian].

Suhbaatar G. K voprosu ob etnicheskoj prinadlezhnosti hunnov (syunnu) [To the question of the ethnicity of the Huns (Xiongnu)]. // *Problemy Dal'nego Vostoka*. – 1976. No.1. – P. 123-133. [in Russian].

Syma Cyan'. Istoricheskie zapiski [Historical notes]. – Moscow: Nauka, 1984. T.III. – 942 p. [in Russian].

Tishin V.V. Istoriografiya social'noj istorii tyurkskogo kaganata VI-VIII vv [Historiography of the social history of the Turkic Khaganate VY-VIII centuries]. Institute of Oriental Studies RAS. Moscow, 2015. – 554 p. [in Russian].

Trepavlov V.V. Stepnye imperii Evrazii: Mongoly i tatory [Steppe empires of Eurasia: Mongols and Tatars]. – Moscow: Quadriga, 2015. – 368 p. [in Russian].

Hudyakov Yu.S. Vooruzhenie srednevekovykh kochevnikov Yuzhnoj Sibiri i Central'noj Azii [Armament of medieval nomads of South Siberia and Central Asia], (Publishing House of the Institute of Archeology and Ethnography of the Russian Academy of Sciences. – Novosibirsk, 1986. – 268 p. [in Russian].

МАЗМҰНЫ

ӘДІСНАМАНЫҢ ТЕОРИЯСЫ

А.А. Бимолданова, М.Ж. Бекмагамбетова, Р.К. Бекмагамбетов
 ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН «БАЛДЫРҒАН» ЖУРНАЛЫНЫҢ МҰҚАБАСЫ
 КЕҢЕСТІК ҚОҒАМДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ.....4

О.Х. Мұхатова
 ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ІСІ МЕНГЕРУШІСІ ҚОРЫНЫҢ (№ 19)
 ҚҰЖАТТАРЫН ҚҰПИЯСЫЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ.....15

ТАРИХ

Қ.Қ. Байсарина, Б. Токешкадилов, А.Б. Бақытжанова
 ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА АУҚАТТЫ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫН
 ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ САЛДАРЫ.....26

Б.А. Жүрсінбаев, Б.Т. Жұбанышов, Е.Қ. Серікбаев
 МӨДЕ ШАНЬОЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҮРГІЗГЕН РЕФОРМАЛАРЫ.....44

К.М. Ильясова
 ТЕРГЕУ ПРОЦЕСТЕРІ:
 «АЛАШ ІСІ» МЕН «АҒАЙЫНДЫ ӘДІЛЕВТЕР ІСІНІҢ» САБАҚТАСТЫҒЫ.....57

С.С. Исмаилов, У.Т. Ахметова, Д.С. Беков
 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕС МЕМЛЕКЕТІНІҢ
 АУЫЛ ХАЛҚЫНА ҚАТЫСТЫ РЕПРЕССИЯЛЫҚ САЯСАТЫ.....73

Г.Б. Нарымбет, Ә.К. Шашаев, Д.Б. Жақаш
 ЕДІГЕ ЖЫРЫНДАҒЫ ТОҚТАМЫШ ХАННЫҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫ.....84

А.Е. Кубатова, Ж.Р. Байдилдеев
 ЖӘДІЛЕРДІҢ МЕРЗІМДІ БАСҚАРУЛАРЫ
 ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚЫРҒЫЗСТАН ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ.....95

З.Г. Сақтаганова, Г.М. Байгожина
 1980-ШІ ЖЫЛДАРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА
 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ
 ТУРҒЫДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ.....112

М.Р. Сәтенова
 КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМОВ ЖАСАҚТАРЫНЫҢ ҰЛЫ ЖҮЗ
 АУМАҒЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ІС-ҚИМЫЛЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙ САЯСАТЫ.....123

Ш.Б. Тілеубаев
 АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖЕТІСУЛЫҚ ҚАЙРАТКЕРІ
 БЫРАЙЫМ ЖАЙНАҚОВ ЖӨНІНДЕ.....134

Е.Е. Хайдаров
 ОРАЛ ОКРУГІНДЕГІ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ (1929 ЖЫЛ)
 (Жымпиты, Зауральный, Камен аудандары материалдары негізінде).....145

М.А. Шашаева, М.М. Қозыбаева

ХІХ-ХХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ «ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ» МӘСЕЛЕСІ.....160

АНТРОПОЛОГИЯ

А.А. Ергешбаев, А.Х. Шаяхметов, А.Б. Байтанаева, Е.Б. Байтанаев

ҚОЙБОТА ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

(Алдын ала қорытындылар).....171

Р.С. Мусаева

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚИМА МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖЕРЛЕУ ЕСКЕРТКІШТЕРІ:

ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАР.....187

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

А.А. Бимолданова, М.Ж. Бекмагамбетова, Р.К. Бекмагамбетов
ОБЛОЖКА КАЗАХСКОГО ДЕТСКОГО ЖУРНАЛА «БАЛДЫРГАН»
КАК ОТРАЖЕНИЕ ГЕНДЕРНЫХ СТЕРЕОТИПОВ СОВЕТСКОГО ОБЩЕСТВА.....4

О.Х. Мухатова
ПРОБЛЕМА КЛАССИФИКАЦИИ ДОКУМЕНТОВ ФОНДА ЗАВЕДУЮЩЕГО
ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОГО ДЕЛА СЕМИРЕЧЕНСКОГО РАЙОНА.....15

ИСТОРИЯ

Қ.Қ. Байсарина, Б. Токешкадиров, А.Б. Бақытжанова
КОНФИСКАЦИЯ КРЕСТЬЯНСКИХ ХОЗЯЙСТВ
В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ И ЕЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ.....26

Б.Ж. Джурсунбаев, Б.Т. Жубанышов, Е.К. Серикбаев
МОДЭ ШАНЬЮЙ И ЕГО РЕФОРМЫ.....44

К.М. Ильясова
СЛЕДСТВЕННЫЕ ПРОЦЕССЫ: ВЗАИМОСВЯЗЬ СУДЕБНЫХ ДЕЛ
«АЛАШСКОЕ ДЕЛО» И «ДЕЛО БРАТЬЕВ АДИЛЕВЫХ».....57

С.С. Исмаилов, У.Т. Ахметова, Д.С. Беков
РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА
В ОТНОШЕНИИ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В 1920-1930-е ГОДЫ.....73

Г.Б. Нарымбет, А.К. Шашаев, Д.Б. Жакаш
ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ ХАНА ТОХТАМЫША В ПОЭМЕ “ЕДИГЕ”84

А.Э. Кубатова, Ж.Р. Байдилдеев
ПЕРИОДИЧЕСКИЕ ИЗДАНИЯ ДЖАДИДОВ И ИХ РОЛЬ
В ОБЩЕСТВЕННО-КУЛЬТУРНОЙ ЖИЗНИ КЫРГЫЗСТАНА.....95

З.Г. Сактаганова, Г.М. Байгожина
ПРАКТИЧЕСКАЯ РЕАЛИЗАЦИЯ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ
В КАЗАХСТАНЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ 1980-Х ГГ.....112

М.Р. Сатенова
ВОЕННЫЕ ДЕЙСТВИЯ ОТРЯДОВ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА
НА ТЕРРИТОРИИ СТАРШЕГО ЖУЗА И ПОЛИТИКА РОССИИ.....123

Ш.Б. Тлеубаев
О ЖЕТЫСУСКОМ ДЕЯТЕЛЕ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ ИБРАИМ ЖАЙНАКОВЕ.....134

Е.Е. Хайдаров
НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ В УРАЛЬСКОМ ОКРУГЕ (1929 г.)
(на основе материалов Жымпитынского, Заурального, Каменского районов).....145

М.А. Шашаева, М.М. Козыбаева

ПРОБЛЕМА «ЖЕНСКОГО РАВЕНСТВА» В КАЗАХСКОЙ ПЕЧАТИ В XIX-XX ВЕКАХ.....160

АНТРОПОЛОГИЯ

А.А. Ергешбаев, А.Х. Шаяхметов, А.Б. Байтанаева, Е.Б. Байтанаев

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ НА ГОРОДИЩЕ КОЙБОТА

(Предварительные итоги).....171

Р.С. Мусаева

ПОГРЕБАЛЬНЫЕ ПАМЯТНИКИ СРУБНОЙ КУЛЬТУРЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА:

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ И КРАТКИЕ ВЫВОДЫ.....187

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

A. Bimoldanova, M. Bekmagambetova, R. Bekmagambetov
COVER OF THE KAZAKH CHILDREN'S MAGAZINE "BALDYRGAN"
AS A REFLECTION OF GENDER STEREOTYPES IN SOVIET SOCIETY.....4

O. Mukhatova O.
THE PROBLEM OF CLASSIFYING FUND DOCUMENTS
OF THE HEAD OF COLONIZATION AFFAIR IN SEMIRECHENSK AREA.....15

HISTORY

K. Baysarina, B. Tokeshkadyrov, A. Bakytzhanova
FARM CONFISCATION IN EASTERN KAZAKHSTAN
AND ITS HISTORICAL CONSEQUENCES.....26

B. Dzhursunbayev, B. Zhubanyshov, E.K. Serikbaev
MODE SHANYU AND HIS REFORMS.....44

K.M. Iyassova
INVESTIGATORY PROCESSES: THE RELATIONSHIP OF "THE ALASH CASE"
AND "THE CASE OF THE ADILEV BROTHERS".....57

S.S. Ismailov, U.T. Akhmetova, D.S. Bekov
THE REPRESSIVE POLICY OF THE SOVIET STATE TOWARDS
THE RURAL POPULATION IN THE 1920s AND 1930s.....73

G. Narymbet, A. Shashaev, D. Zhakash
THE HISTORICAL PERSONALITY OF KHAN TOKHTAMYSH IN THE POEM "EDIGE".....84

B. Kubatova, Zh. Baydildeev
PERIODICALS OF THE JADIDS AND THEIR ROLE IN SOCIAL
AND CULTURAL LIFE OF KYRGYZSTAN.....95

Z. Saktaganova, G. Baigozhina
PRACTICAL IMPLEMENTATION OF THE LANGUAGE POLICY
IN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1980-S.....112

M.R. Satenova
MILITARY ACTIONS OF KENESSARY KASSYMOV'S DETACHMENTS
ON THE TERRITORY OF THE SENIOR ZHUZ AND THE POLICY OF RUSSIA.....123

Sh.B. Tleubayev
ABOUT THE ZHETYSU LEADER OF THE ALASH MOVEMENT IBRAIM ZHAINAKOV.....134

E.E. Khaidarov
POPULAR UPRISINGS IN THE URAL DISTRICT (1929)
(Based on materials from Zhymпитынский, Zaurалны, Kamensky districts).....145

M. Shashayeva, M. Kozybayeva

THE PROBLEM OF "WOMEN'S EQUALITY"

IN THE KAZAKH PRESS IN THE XIX-XX CENTURIES.....160

ANTHROPOLOGY

A.A. Ergeshbayev, A.K. Shaiakhmetov, A.B. Baitanayeva, Y.B. Baitanayev

ARCHAEOLOGICAL RESEARCH AT THE KOYBOTA SITE (Preliminary results).....171

R. Mussayeva

FUNERARY MONUMENTS OF THE TIMBER-GRAVE CULTURE

OF WESTERN KAZAKHSTAN: THE HISTORY OF STUDY AND BRIEF CONCLUSIONS.....187

Компьютерде беттеген
Зикирбаева В.С.

Редакцияның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Шевченко көш., 28,
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«**edu.e-history.kz**» журналының редакциясы
Телефон: +7 (727) 261-67-19
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.